

Мәдібаева Қ.Қ.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры, ф. ғ. д.
Талдықорған қ., Қазақстан, e-mail: kapi-51@mail.ru

САЙЫН МҰРАТБЕКОВТЫҢ «ЖАБАЙЫ АЛМА» ПОВЕСІНДЕГІ АУЫЛ ТҰРМЫСЫН СУРЕТТЕУ ҰСТАНЫМДАРЫ

Мақалада көрнекті қазақ қаламгері Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» повесінің көркемдік ерекшелігі сарапталады. Шығармадағы өмір шындығы, дара характерлер, авторлық көркемдік ұстаным мәселелері нақтылы мәнде, драматизм, характер шындығы, кейіпкер сөзі т.б. талданып, қаламгерлік дара қолтаңба тұрғысында тың пайымдаулар жасалады. «Жабайы алма» белгілі бір кезеңдегі қазақ ауылының классикалық образын сомдаған көркем туынды есебінде бағаланған. Мақалада қазақ прозасындағы Ауыл концептінің Сайын Мұратбеков шығармаларында көркемдік өріске шығуы тұрғысында тың пайымдаулар жасалған. Жазушының нақтылы уақыт аясындағы ауыл тұрмысын адам тағдырлары, ұлттық бірегей сипаттар ауқымында күрделі психологиялық арнада ашу шеберлігі нақтылы саралауға тартылған. «Жабайы алма» повесінде қазақы өмір дағдыларының сұрапыл соғыс жылдарындағы қалпы көрініс тапса, жазушының «Кәментөғай», «Күсен, Күсеке», «Ұлтуған», «Менің қарындасым», «Отау үй» сынды туындыларында ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы ауыл өмірі, адам психологиясындағы уақыт таңбасы, рухани-әлеуметтік толғаныстар көркем баяндауға тартылды. Сайын Мұратбеков қазақ прозасын кесек әдеби тұлғалармен байытқандығы; жазушының жазу машығындағы өмірсүйгіштік аңсарымен назар аударатын дара характерлердің жасалу ерекшеліктері туралы автор қазіргі қазақ прозасының көркемдік әлеуеті контекстінде ой дамытады.

Түйін сөздер: өмір шындығы, дара болмыс, типтік тұлға, ауыл концепті, ауыл бейнесі, соғыс шындығы, адамшылық қасиет, ұлттық болмыс, табиғат көріністері, жан күйі, диалог, көркемдік құрылым, портрет, характер, деталь, пейзаж, психологиялық күй, азаматтық ұстаным, адамгершілік, мұраттар, адам тағдыры, тарихи кезең.

Madibaeva K.K.

The concept of the artistic description of the Aul life by S. Muratbekov in the story «Wild apple tree»

On the basis of specific, careful study lead by Sayin Muratbekov «Zhabayy Alma» there were made an artistic justifications with characteristic style, and the author's position of the writer. The dramatic nature of life foundations of auls' inhabitants in the dashing war years were described in the story «Zhabayy Alma.» In the article, absorbed the artistic aspects of the concept village in the works of the writer SainMuratbekov, and in General the development of the Kazakh fiction. The skill of the writer in describing the life of the Village in a specific time space; uncovering the psychological conditions of village inhabitants and national peculiarities are considered as creative individualism, style, unique handwriting of the author. In the novel «wild Apple» describes the fate of the people, the life of the village inhabitants in time of war; and in the works «Kamentogai», «Kusen, Kuseke», «Otauuy», «Raigul», «My sister» the author is concerned the life of his contemporaries, the life of the village inhabitants the 60-ies, 70-ies of XX century, their moral searches, humanistic foundations. The works of SainMuratbekov different distinctive specific themes – the Village and its inhabitants in a temporary space. The authors stop attention to the artistic development of Kazakh prose, based on a particularly realistic, particularly lyrical proizvedenii-SainMuratbekov, which are filled with highly dramatic.

Key words: reality, identity, typical personality, concept Aul, biographies, wartime, morality, national identity, landscape, psychologism, dialogue, artistic structure, portrait, image, detail, civic position, moral quest, human destinies, historical time.

Мадибаева К.К.
**Концепция художественного описания быта Аула
 С. Муратбекова в повести «Дикая яблоня»**

На основе конкретного, пристального изучения повести Сайна Муратбекова «Жабайы алма» сделаны художественные обоснования характерны стилю, авторской позиции писателя, драматизм жизненных устоев аульчан в лихие военные годы в повести «Жабайы алма».

В статье осмыслены художественные аспекты концепта Аул в произведениях писателя Сайна Муратбекова, и в целом развитии казахской художественной прозы. Мастерство писателя в описании жизни Аула в конкретном временном пространстве; раскрытии психологических состояний аульчан, национальных особенностей рассматривается как творческий индивидуализм, стиль, неповторимый почерк автора. В повести «Дикая яблоня» описываются судьбы людей, жизнь аульчан военного времени; а в произведениях «Каментогай», «Кусен, Кусеке», «Отау үй», «Райгуль», «Менің қарындасым» автора волнуют жизнь современников, жизнь аульчан 60-х, 70-х годов XX столетия, их нравственные искания, гуманистические устои. Произведения Сайна Муратбекова отличаются самобытной конкретной тематикой – Аул и его жители во временном пространстве. Авторы останавливают внимание на художественное развитие казахской прозы на основе особо реалистических, особо лирических произведений Сайна Муратбекова, которые наполнены острым драматизмом.

Ключевые слова: действительность, самобытность, типичная личность, концепт Аул, жизнеописание, военное время, нравственность, национальная идентичность, пейзаж, психологизм, диалог, художественная структура, портрет, образ, деталь, гражданская позиция, нравственные искания, судьбы людей, историческое время.

XX ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ прозасында жаңа жол ашқан қаламгерлердің бірі Сайын Мұратбеков еді. Әдеби дамуда «алпысыншыжылдықтар» деп айрықша аталатын тұтас бір шоғыр өзгеге ұқсамайтын дара жазу машығын да бірден мойындатып, әдеби кеңістікке батыл енген.

Әкім Тарази, Қалихан Ысқақ, Сайын Мұратбеков сынды өзіміз тым іштартатын жазушылардың айтса ауыз толатын достығы туралы еститінбіз, кейінірек осы, жазуда даусыз өз бағыттарын ашқан қаламгер ағалардың адамшылық арақатынастарының шет жағасын көзімізбен көріп, ұғынып, сүйсіндік.

Сол қастерлі буынның әрбір өкілі туралы қанша айтсақ та қажеттелігі кемімейтін кезеңде өмір сүріп жатырмыз.

Қашан да құнды болып қала беретін озық туындыларымен маңызды әлем әдебиетінің алтын қорына қосылуға лайықты шығарманың бірі – Сайын Мұратбековтің «Жабайы алма» баяны.

«Жабайы алма» повесінде (роман жанрының жүгі бар повесть – Қ.М.) ойын баласын есейте түсіп, үлкендердің еңсесін көтертпей соғыстың ауыр төрт жылы біртіндеп өтіп жатыр. Сол төрт жылдық уақыт аясындағы өмір көріністері сонда да шуақты.

Жабайы алманың арғы тегі «Сиверс» аталатын түрден шығады екен. Бұл ағаш бір тамырланып алған соң тоқтаусыз кең жайылып кете беретін тамыр желілері арқылы ғана бірінен

келесісі өніп, көбейеді дейді. Орнын ауыстырып отырғызғанға өспейді.

«Жабайы алманы» жазғанда жазушы кеудесін кеулеген жақсылықтың, жасампаздықтың түр төркініде сол Сиверстің тамырланып, үзілмейтін қуат күшіндей, адам баласының әу заманнан, әлімсақтан келе жатқан киелі парызы жатқан еді.

Алла, Тақ Алланың қалауымен Адам баласы Жер бетінің халифі болып жаратылыпты. Жер бетінде әділет орнатушы, ізгілікті қорғаушы міндетін Хақ Тағала соған шейінгі Жер мекенді кезегімен билеп-төстеген құстар, пері, періштелер сенімнен шықпағанда, Адам ұрпағын осындай игілікпен жарылқаған дейді ежелгі аңыздар.

Әу бастағы Ұлы сенімді Адам баласы да шайқалтып алған. Жабайы алма ағашының түбіндегі ұялас күшіктерді тірідей көміп тастаған Бүбітай да адасты.

Ат тізгінін ұстадым деп бригадир Байдалы да басқа, жат біреудің кейіпіне көшті.

Есесіне, қазірде ғалымдар осы бір Жер бетіне тамыр жайған жабайы алманың түп отаны деп танып отырған тау етегіндегі өркениеттен «шет қалған», бұйығы қазақ ауылында әу бастағы Жердің сенімді, Алла сүйген халифтері мығым кісілік қалпында.

Ниеті бұзық соғыс төрт жыл лаң салғанда жабайы алма ағашы мың жылдан бері өсіп, өнім беріп тұрған жердің атамзаманғы тұрғын-

дарының ендігі ұрпақтары түп міндетіне адал қалпында өмір сүрді.

Қанаттың әжесі әкесіз, анасыз тұлдыр жетім қалған немерелерінің нәпақасы – жалғыз сиыр жоғалғанда, бас аман болсын деген құдай тәубасынан жаңылмады.

Кейінгілер өздеріне қарап бой түзеп өскен сонау бір алыс жылдардағы ауыл зиялысы Нұғыман – соншалықты таныс, жағымды тұлға.

Аса бір ұқсатымды, берекелі, намысты, айтар жерде айта да алатын, араласар тұста араша да болатын арлы әйелдері жүрген соң да – ауыл ауыл болып тұрар еді.

Адамзат қауымдастығындағы өзгеше ұжымдық категория – қазақ ауылының түп тамыры әріге тартқан, таңқаларлық өзгеше ізгілікті қалпымен құнарланған төлтума дара классикалық бейнесі Сайын Мұратбековтің «Жабайы алмасы» арқылы әлемдік әдеби кеңістікке шықты.

Ол ауылды тынбай, тоқтамай жазды, ала-бөтен перзенттік махаббат құштарлығымен жырлаған. Жазушының көркемдік кеңістігі тым «шектеулі» болды. Өз туған ауылынан «аспады». Туған жерінің сурет тілі жетпейтін сұлулығы. Ол қамкөңіл, сәулелі жандары.

Ол өміртабанды туындыларымен жер бетіне желіленіп түптамырланып тарап кеткен жабайы алма ағашының өнімді өсімталдығындай күнделікті күйбең, «ұсақ-түйек» тірліктің ар жағындағы адам баласының мәңгілік қайырлы миссиясы тоқтаусыз мазмұндалып келе жатқан сөз өнеріндегі өз бағытын ашты. Уақыт пен кеңістік ауқымында кісілік қалып туралы қапысыз ақтарылудың мектебін қалыптастырған қас шеберлер дәстүрін байытты.

«Жабай алма» бүгінде де көп оқылады. Оны келер буындар да оқуға тиіс. «Жабайы алмада» жанымыз қалайтын жақын, туыс тұлғаларымен тұтас ауып, ендігі тарих көшінде көзден таса болып бара жатқан белгілі бір кезеңдегі қазақ ауылы қалды.

Қазіргі қазақ әйелі ол ауылдың әйелінің тілінде сөйлемейтін сияқты.

«Қарағым, мен сені артықсынбасам, кемсінбеймін. Қызымды сенен артық ханның баласына берер деп пе едің. Тек, уақыт болса мынадай, сенің алдыңда әлі әскери міндегің тұр.

Соны өтеп, аман-сау қайт. Қайтқан күннің ертеңіне үйге кеп қолынан жетектеп кетсең «тек» демеймін. Ал оған дейін басын қатырып, ұятқа қалдырма.

Тоқтар қып-қызыл болып ұялып:

О не дегеніңіз, тәте?! О не дегеніңіз?! Мен

ондай емеспін ғой... Ондай емеспін... – дей берген».

Қазақы болмыста әлем әдебиетінен аналогия іздетпейтін осындай бір сәттер болады...

Бұйығы ауылдың қалыпты, мығым өмір дағдысын соғыс бұзды. Екі күннің бірінде алыс майдан ауылға соғып өтеді. Үсті-үстіне ауыл үйді аңыратып қара қағаз келеді. Қара қағаз... Қасиетті Ана тілі! Қайғының, қасіреттің хабаршысына дөп атау. Басқа тілден баламасын таппайсың.

Бала күнімізде тұншыға айтылатын сағынышқа толы, мұңлы әңгімелер соғыс жаңғырығын жеткізетін. Сонда «Қара қағаз» деген көзіме кәдімгі қап-қара түспен боялған қағаз болып елестейтін. Балалық деген – сол...

Жердің туу шалғай түкпіріндегі қазақ ауылы майдан өртінің астында. Адамзат өз қалауымен отқа ұмтылады.

Қоңыр ауылдың, момын елдің сол соңғы төрт жылдағы тағдыры бейғам ойын баласы Қанаттың сәби танымында таңбаланып қалды. Еріктен тыс Қанаттың қыр соңынан қалмай бірге жүре бастаған бейтарап оқушының жанын қозғады.

Шығармада булығып өссе де бұлқынып, ілгеріге ұмтылған өмірсүйгіш балалық шақ тұтас образ деңгейінде ашылған.

«Күрсінгендей боп дүңкиіп жатқан биік шың-жоталар, «Сталин атама тартып туғам», – дейтін Әжібек, қызу, қарбалас, дамылсыз, жедел, тынбай айтқанын жатқан өмір деңгелегіндегі сапырылысқан тіршілік сәттері – мәнді «детальдар».

«Жабайы алмадан» әсіре ерекше сәнді тұрмысқа аса ынтық та емес, «комфорт» іздемеген қауымшыл қазақтың нақты айтатын, бірін-бірі қадір тұтатын, бір-біріне арқа сүйейтін, сөз көтеретін, бүкпе, қалтарысы болмайтын, қайсыбірі бірде көл, бірде шөл бола қалатын кейіпкер даралығымен тұтастана түскен ұлттық болмысы, көркемдік шешімін тапты.

Сол уақыттарда жаз да – жайсыз. Қыста – қырсыз. Соғыс синдромы шарпыған, алаңдауға толы, жұмысы бітпейтін дамылсыз тірліктен соң күн бір түрлі шаршап батады.

Бір үйдің баласындай бар қылығы сыйымды ауыл елі өмір кеңістігімен ой кешеді. Арғы-бергіні қымтап, шүкір-тәубасын айтады. Жаратқаннан тілеу тілеп, үміт жалғайды.

Жазушы өз кейіпкерлерінің дәрменсіз қалған шақтарында егіліп, езіліп, пәлсапаға түспейді.

Адамды құтты жолдан тойдырған, тақуалықты бүлдірген сормандай Ібіліс аңсар адам-

затпен бірге жасап келеді. Адам бірде қайырсыз, бірде қайырлы қам-қарекетке телініп тірлік кешуді өзі тілеп алған.

«Жабайы алмада» әр қалыпта шынайылығымен іштартқызатын келіншек Зибаш, пиғылпейілі жат шолақ қол әсіре белсенділіктің дауасыз дертіне шалдыққандар бейнесі осыған меңзейді.

Сайын Мұратбеков қазақ әдебиетінде ауыл өмірін, замандас бейнесін мейілінше ізгі пейілдегі жаңа көркемдік бағытта жазуды бастауымен өзіндік шеберлік дәстүрін қалыптастырды.

Қазақ ауылындағы топ болып толысатын жеткіншек балалар, ауыл тірлігінің бел ортасындағы судағы балықтай еркін, етене ел адамын іштартып, әрекет, әр қылығын құптап отырып, қызығып, құштарлықпен жазды.

Қарбалас өмір қамындағы ауыл-үйдің арындамай, айғайламай, ойқастамай-ақ ой, тән, бой сұлулығымен жан тартқан өзгеше бітімді туысқан адамдар ортасы жарық жалғандағы қымбат, қимастарың екенін сезіндіру шапағатымен ырыздықтанған ықпалды, іңкәр шығармалар туды.

Қазақ прозасы Күсен, Кәмен сынды былықпаған, бұзылмаған, қарапайым адам тұлғасымен өріс кеңітті.

Тілге сақ қаламгер Сайын Мұратбеков оқушысын арзанмен алдауға бармады. Сөздің обалын ойлады. Қақысын жемеді.

Қаламгердің көркемдеу тәсілдеріндегі табиғи жатық мәнер-машық туралы арнайы шеберлікке үйрету сабақтарын өткізуге болар еді. Жедел уақыт асықтырып, мұрша берер емес. Сөз өнерінің де бәсі түсті. Тілдің міндеті саудасаттықтың, алыпсатарлықтың сөзінен аспайтын болып қала ма деген қауіп төнді.

Сайын Мұратбеков ауыртпалық бел алған уақыттарда ұрпақтың тәнін аман сақтап қалған, сонысымен жанына да қорған болған адал

ырыздық-сүт **көже** мен ет көже, бір тостақан сүт, бір қалта бауырсақ – адал астың мән-киесін жазуында да икемді тілімен, жеріне жеткізе суреттеп баяндайды.

Шуақты көріністерімен көмкерілген суреттер сәт сайын жадау жанды түлететін қуат құйып, тіршілікпен тербейді.

«Жыланша бұралаңданған ирек жолмен біріміздің артымыздан біріміз тізіліп жотаның үстіне шықтық. Иіріле қап кейін қарағанбыз. Шымырбайдың үйі табанда сай ішінде жәпірейіп, кіп-кішкентай ғана боп қалыпты. Мұржасының түтіні будақтайды, тасада тығылып отырып тартқан шылымның түтіні сияқты: қарттың өзі қорасының төбесінде бағанағы шөбін жаймалап жүр, кемпірі есігінің алдында күйбен шаруаға кіріскен, ал көк есек ойыншық сияқты кіп-кішкентай боп сол бір орында сілейген де қалған».

Дөп сөз бірден орала кете ме, әлде бір-бірлеп үйірге қосарда әрі төңкеріп, бері төңкеріп салмақтап отыра ма – ол – Сайын Мұратбековтің жазу құпиясы.

Тағы бір сыр – Сайын Мұратбековтің шоппан өміріне ыңғай беріп, еңбек адамына мойын бұрып, іш тартуы – тақырып қуғандық емес.

Ол тұнық тазалық шарпыған шуақты мазмұнымен өлшеусіз әсерлер туғызып отырып жазылған әңгіме – повестерінде адамды аялап қастерлеудің әлемдік классикадағы озық дәстүрлерін ұстанды.

Қазақтың жер бетіндегі жұмақ мекені, ұлттық болмысы таңбаланған Ауылдың дәурені жүріп тұрған, бағы таймаған, қызулы, ырысты, берекелі шақтарына көркем сөзбен ескерткіш орнатты.

PS. Жер бетіндегі алма ағашы атаулы барлығы қазақ еліндегі тіршілік барда тоқтаусыз тамырланып, өсіп-өне беретін жабайы алмадан тараған дейді.

Әдебиеттер

- 1 Мұратбеков С. Жабайы алма. – Алматы: Жазушы, 1997.
- 2 Серікқалиев З. Алтын жамбы. – Алматы: Өнер, 2001.
- 3 Литературная газета, 1980, № 21. – С. 15
- 4 Майтанов Б. Сөз сыны (XX ғасыр әдебиетінің көріністері). Зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2008. – 344 б.
- 5 Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б.
- 6 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М., 1986.

References

- 1 Muratbekov S. Wild diamonds. Almaty: Zhazushy, 1997.
- 2 Serikaliev Z. Altyn zhamby. Almaty: Arts, 2001.
- 3 Literaturnaya Gazeta, 19980, No. 21. P. 15
- 4 Maitanov B. .. The word criticism(Manifestations of the twentieth century literature). Research. – Almaty: Young, 2008. – 344 б.
- 5 Time and writer: «Take care of your son.» Almaty: Zhazushy, 1986. – 264 b.
- 6 Bakhtin M.M. Aesthetics of verbal creativity. – Moscow. 1986.